

<b>Білім беру бағдарламасының атауы:</b>	7R01121 «Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)»
<b>Білім беру деңгейі:</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, резидентура
<b>Даярлау бағыты:</b>	Денсаулық сақтау
<b>Оқыту тілі:</b>	Орыс тілі, қазақ тілі
<b>Оқу мерзімі:</b>	3 жыл
<b>Жауапты кафедра:</b>	Профессор Г.В. Цой атындағы Ғылыми-білім беру хирургия орталығы
<b>Бағдарламаның өзектілігі, мақсаты мен міндеттері:</b>	<p>7R01121 «Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы денсаулық сақтау жүйесінің ересектер мен балалардағы жақ-бет аймағының туа біткен және жүре пайда болған патологиялары бар пациенттерді диагностикалаудың, хирургиялық емдеудің, оңалтудың және диспансерлік бақылаудың заманауи әдістерін меңгерген білікті мамандарға жоғары қажеттілігіне байланысты әзірленді.</p> <p>Бағдарламаның өзектілігі қабыну аурулары, бет қаңқасы сүйектерінің жарақаттары, туа біткен даму ақаулары, жаңа түзілімдер, деформациялар, жақ-бет аймағының жұмсақ тіндері мен сүйек құрылымдарының ақаулары бар пациенттер санының артуымен, сондай-ақ мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қажеттілігімен айқындалады. Осы бейіндегі мамандарды даярлау университеттің клиникалық-бағдарланған, практикалық-бағдарланған және ғылыми негізделген медициналық білім беруді дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттеріне, сондай-ақ клиникалық базалар мен жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес келеді.</p> <p>Бағдарламаның мақсаты – профилактиканы, диагностиканы, хирургиялық емдеуді, операциядан кейінгі жүргізуді және пациенттерді оңалтуды дербес жүзеге асыруға, дәлелді медицина қағидаттарын, пәнаралық өзара іс-қимылды, медициналық этика мен пациент қауіпсіздігін қолдануға қабілетті ересектер мен балалар бейініндегі жақ-бет хирургы дәрігерін даярлау.</p> <p><b>Бағдарламаның міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• резиденттерде жақ-бет аймағы ауруларының анатомиясы, патологиясы, диагностикасы және емі бойынша жүйелі білім қалыптастыру;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ересектер мен балаларда диагностикалық және хирургиялық араласуларды орындаудың практикалық дағдыларын дамыту;</li> <li>• жақ-бет хирургиясындағы шұғыл жағдайлар мен асқынуларды жүргізуге үйрету;</li> <li>• анестезиологтардың, оториноларингологтардың, офтальмологтардың, стоматологтардың, педиатрлардың, травматологтардың және басқа да мамандардың қатысуымен мультидисциплинарлық командада жұмыс істеу құзыреттерін қалыптастыру;</li> <li>• клиникалық ойлау, коммуникация, академиялық адалдық, ғылыми-зерттеу қызметі және үздіксіз кәсіби даму дағдыларын дамыту.</li> </ul>
<p><b>Еңбек нарығын талдау:</b></p>	<p>Жақ-бет хирургиясы мамандандырылған хирургиялық көмектің ең сұранысқа ие бағыттарының бірі болып қала береді. Бағдарлама түлектері көпбейінді қалалық және облыстық ауруханаларда, балалар стационарларында, шұғыл көмек көрсету орталықтарында, университеттік клиникаларда, стоматологиялық және реконструктивтік-хирургиялық орталықтарда сұранысқа ие.</p> <p>Еңбек нарығы ересектерге де, балаларға да көмек көрсетуге қабілетті мамандарға тұрақты қажеттілікпен сипатталады. Іріңді-қабыну процестерін, жақ-бет аймағы жарақаттарын, туа біткен жырықтарды, деформацияларды, жаңа түзілімдерді және қосарланған жарақат салдарын емдеу саласындағы құзыреттер ерекше маңызға ие.</p> <p>«Ересектер, балалар» біріктірілген бағдарламасы бойынша даярлау түлектің кәсіби ұтқырлығын арттырады, клиникалық құзыреттер спектрін кеңейтеді және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.</p> <p>Бағдарлама медициналық ұйымдардың нақты қажеттіліктеріне бағдарланған және хирургиялық стационар, қабылдау бөлімі, операциялық блок және консультативтік-диагностикалық қызмет жағдайында жұмыс істеуге дайын мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.</p>

<p><b>Мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесі:</b></p>	<p>Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде құзыреттілік тәсілге, теориялық және клиникалық оқытуды интеграциялауға, симуляциялық технологияларға және дәлелді медицина қағидаттарына негізделген хирургиялық бейіндегі мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесі ескерілді.</p> <p>Бас және мойын хирургиясы, ауыз қуысы және жақ-бет хирургиясы саласында мамандар даярлайтын шетелдік университеттер мен клиникалық мектептердің білім беру бағдарламаларында келесі мәселелерге ерекше назар аударылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• клиникалық практикаға ерте кезеңнен тарту;</li> <li>• пәнаралық тәсілді меңгеру;</li> <li>• симуляциялық оқыту жағдайында хирургиялық дағдыларды дамыту;</li> <li>• мультидисциплинарлық команда құрамында жұмыс істеу;</li> <li>• зерттеушілік және коммуникативтік құзыреттерді қалыптастыру.</li> </ul> <p>Бағдарлама клиникалық практиканы, өзіндік жұмысты, тәлімгерлікті, клиникалық жағдайларды талдауды, дәрігерлік айналымдарға, консилиумдарға, операцияларға, конференцияларға және ғылыми-практикалық іс-шараларға қатысуды үйлестіре отырып, мамандарды даярлаудың заманауи тәсілдерін ескереді.</p>
<p><b>Қолданыстағы мамандар даярлау жүйесі:</b></p>	<p>7R01121 «Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға, үлгілік оқу бағдарламаларына, университеттің ішкі академиялық құжаттарына және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Бағдарлама клиникалық бағыттылыққа ие және ауыз қуысы хирургиясын, жақ-бет аймағының іріңді хирургиясын, жақ-бет аймағының травматологиясын, туа біткен және жүре пайда болған деформацияларды, жақ-бет аймағының қалпына келтіру және реконструктивтік хирургиясын, сондай-ақ толыққанды клиникалық даярлық үшін қажетті сабақтас пәндерді қоса</p>

	<p>алғанда, бейіндік пәндерді дәйекті түрде меңгеруді көздейді.</p> <p>Оқыту аудиториялық даярлықты, резиденттің өзіндік жұмысын, тәлімгердің жетекшілігімен жұмысты және клиникалық базалардағы практиканы ұштастыру негізінде құрылады. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау ағымдағы бақылау, межелік бақылау, аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Практикалық дағдыларды қалыптастыруға, клиникалық ойлауға, командалық өзара іс-қимылға және пациент қауіпсіздігі қағидаттарын сақтауға ерекше назар аударылады.</p>
<p><b>Түлектің моделі:</b></p>	<p>Выпускник образовательной программы 7R01121 «7R01121 «Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасының түлегі – заманауи кәсіби құзыреттерге ие, денсаулық сақтау ұйымдарының әртүрлі деңгейлерінде дербес клиникалық қызметке дайын, бәсекеге қабілетті, ұтқыр және әлеуметтік жауапты маман.</p> <p>Бағдарлама түлегі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• кәсіби жауапкершіліктің, тәртіптің, эмпатияның жоғары деңгейіне және этикалық нормаларды ұстануға ие;</li> <li>• клиникалық диагностика, зертханалық және сәулелік зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын меңгерген;</li> <li>• жақ-бет аймағының аурулары, жарақаттары, деформациялары мен ақаулары бар ересектер мен балаларға мамандандырылған көмек көрсетуге қабілетті;</li> <li>• жақ-бет хирургы дәрігерінің құзыреті шеңберінде негізгі емдік-диагностикалық және хирургиялық манипуляцияларды орындай алады;</li> <li>• пациенттерді операция алдындағы, операция кезіндегі және операциядан кейінгі кезеңдерде жүргізуге дайын;</li> <li>• пәнаралық команда құрамында жұмыс істеуге, пациенттермен, олардың туыстарымен және әріптестерімен тиімді қарым-қатынас жасауға қабілетті;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• үздіксіз білім алуға, инновациялық технологияларды енгізуге және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуға бағдарланған.</li> </ul> <p>Түлектің мансаптық перспективаларына хирургиялық бейіндегі стационарларда, жақ-бет хирургиясы бөлімшелерінде, көпбейінді және балалар ауруханаларында, реконструктивтік хирургия орталықтарында, университеттік клиникаларда жұмыс істеу, сондай-ақ білім беру және ғылыми қызметке қатысу кіреді.</p>
<p><b>Бағдарламаның мақсатты аудиториясы:</b></p>	<p>Бағдарламаның мақсатты аудиториясы базалық медициналық мамандық бойынша оқуын аяқтаған және жақ-бет хирургиясы саласында тереңдетілген клиникалық даярлық алуға бағдарланған медициналық жоғары оқу орындарының түлектері болып табылады.</p> <p>Әлеуетті білім алушылар – жоғары дәлдікті, клиникалық ойлауды, мануалдық дағдыларды, эмоциялық тұрақтылықты және әртүрлі жас топтарындағы пациенттермен жұмыс істеуге дайындықты талап ететін хирургиялық мамандықты меңгеруге қызығушылық танытатын ынталы жас дәрігерлер.</p> <p>Бағдарлама мамандандырылған стационарлық көмек көрсету жүйесінде, шұғыл хирургияда, балалар хирургиялық қызметінде, реконструктивтік және қалпына келтіру хирургиясында кәсіби қызмет атқаруды жоспарлайтын тұлғалар үшін қызығушылық тудырады.</p>
<p><b>Білім беру бағдарламасының бәсекелік артықшылықтары:</b></p>	<p>Білім беру бағдарламасының бәсекелестік артықшылықтары мыналар болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• бір білім беру бағдарламасы шеңберінде ересектер және балалар бейіні бойынша интеграцияланған даярлық;</li> <li>• оқытудың айқын клиникалық-бағдарланған және практикалық бағыттылығы;</li> <li>• нозологиялар мен хирургиялық араласулардың кең спектріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін клиникалық базаларда даярлау;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• білім алушылардың операцияларға, клиникалық талқылауларға, консилиумдарға, кезекшіліктерге және пәнаралық талқылауларға қатысуы;</li> <li>• симуляциялық оқытуды, клиникалық сценарийлерді талдауды және хирургиялық жоспарлаудағы 3D-технологиялар элементтерін қоса алғанда, заманауи білім беру технологияларын пайдалану;</li> <li>• білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне, конференцияларға, шеберлік сыныптарына және кәсіби білім беру іс-шараларына тарту.</li> </ul> <p>Бағдарлама практикалық денсаулық сақтау жүйесі мен кәсіби қоғамдастықтың заманауи талаптарына бейімделе алатын маманды қалыптастыруға ықпал етеді.</p>
<p><b>Ресурстық қамтамасыз ету:</b></p>	<p>Білім беру бағдарламасын іске асыру университеттің және клиникалық базалардың кадрлық, клиникалық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік ресурстарымен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Резиденттерді даярлауды жақ-бет хирургиясы және сабақтас пәндер саласында бейіндік білімі, практикалық тәжірибесі мен құзыреттері бар оқытушылар мен клиникалық тәлімгерлер жүзеге асырады. Білім беру процесінде профессор Г.В. Цой атындағы Ғылыми-білім беру хирургия орталығының, университеттің клиникалық базаларының, стационарлардың бейіндік бөлімшелерінің, операциялық блоктардың, таңу бөлмелерінің, диагностикалық бөлімшелердің және симуляциялық инфрақұрылымның мүмкіндіктері пайдаланылады.</p> <p>Білім алушылар кітапханалық, электрондық және оқу-әдістемелік ресурстарға, клиникалық хаттамаларға, пәндер бойынша материалдарға, сондай-ақ өздігінен дайындалу және практикалық дағдыларды меңгеру мүмкіндіктеріне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген. Бағдарламаның ресурстық базасы клиникалық оқытудың, құзыреттерді бағалаудың және резиденттердің кәсіби дамуының заманауи тәсілдерін іске асыруға мүмкіндік береді.</p>

**Білім беру бағдарламасын дамыту перспективалары:**

**Білім беру бағдарламасын дамыту перспективалары**

Білім беру бағдарламасын дамыту перспективалары хирургия ғылымының, білім беру стандарттарының және практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктерінің дамуына сәйкес оқыту мазмұны мен технологияларын одан әрі жетілдірумен байланысты.

**Бағдарламаны дамытудың негізгі бағыттары:**

- заманауи клиникалық ұсынымдар мен инновациялық хирургиялық технологияларды ескере отырып, пәндердің мазмұнын өзектендіру;
- симуляциялық оқытуды және цифрлық білім беру құралдарын қолдануды кеңейту;
- резиденттерді даярлаудың ғылыми құрамдас бөлігін дамыту;
- пәнаралық және кәсіпаралық өзара іс-қимылды күшейту;
- клиникалық базалармен, кәсіби қауымдастықтармен және академиялық серіктестермен ынтымақтастықты кеңейту;
- академиялық икемділікті арттыру және білім беру процесінің сапасын мониторингілеу жүйесін жетілдіру.

Бағдарлама заманауи клиникалық практика, білімді үздіксіз жаңарту және жоғары технологиялық медициналық көмекті дамыту жағдайында тиімді жұмыс істеуге қабілетті жаңа буын маманын даярлауға бағдарланған.

**Білім алушылардың фотосуреттері:**





